

Құт-береке дарыған киелі топырақтан нәр алып, даналық пен даралық қасиетін бойға сіңірген Дия сынды біртуар тұлға жайлы жас ұрпақ біле жүрсін деген ниетпен қысқа да нұсқа деректерді назарларыңызға ұсындық.

ДИЯ ҚАЖЫ

«Дия Ахметұлы Ленинград университетін бітіріп, қаржыгер-экономист мамандығын иеленген. Шаян Медресесін бітірген, Уфада білім алған, Меккеге, Түркияға барған».

Жаңарқалық Асан Жұмаділдиннің «Жаңарқа» атты дерекнамасында Дия қажы жөнінде осы мағлұмат беріліпті.

Негізінде Керней елінде ақын атаулы көп болды.

Қалай екен Гепеуің,
Кеткен екен кетеуің.
Жұртқа маза бермеуші ең,
Ғабас пенен екеуің, - дегенді айтқан
Ғабас ақын еді. Азып-тозып Қарқаралы
түрмесіне бара жатқан Дия қажы бұл
өлеңді көңіліне ауыр алмай:

Қаба сақалды Бабасым,
Өлең еді таласың.

Енді саған Дия жоқ,

Оны қайдан табасың - деп, ақын бау-
кездеспейтінін меңзеп, бақу-
лдасқандай болған екен.

Өткен жылдың жазында Дия қажы
ұрпақтары Жарылғап батыр ауылында
ескерткіш кешен орнатқан еді.

Алматыдан Амантай қажы, Ш.Алтай-
баева, Қ.Боранқұлов, М.Досымбеков, Ас-
танадан Нәстай Айткенқызы т. б. қонақ-
тар келген. Ескерткішті «Керней алқасы-
ның» президенті Ж.Ақылбаев пен ақын-
ның жиені С.Аташбекова ашып, өлкета -
нушы Т.Майбас Дия қажының темір жолы-
на шолу жасады.

Ауыл азаматтары қолдан келген
көмегін аямаған. Дұға бағышталып,
дәм берілген. ҮңіреК ауылының,
Ә. Бәкіров ақсарыбас қой шалған.

Бес тіл меңгерген Дия қажының мына
суретін салған Қазақ радиосы жастар
бас редакциясының бас редак-
торы Құлтөлеу Мұқаш, Ж.Алтайбаев орта



мектебінің, түлегі.

Сурет ел аузындағы әңгімелер мен
Кәмел Жүністегінің жазбаларындағы сурет-
реттемелер негізінде дүниеге келді. Дия
қажының Алматыдағы туған жиендері Со-
фия Аташбекқызы мен Мұхамедғалым.
Мәриям Досымбек балалары нағашысы-
ның бейнесі аналары айтып отыратын
нұсқамен сәйкес келетіндігін жасырма-
ды. Дия баласы Мұхамедкәрімге қатты
ұқсайтындығын айтып, Құлтөлеуге шы-
ғармашылық табыс тіледі.

**Сурет пен деректерді ұсынушы:
Аңғар СМАҒҰЛОВ,
Жарылғап батыр ауылы.**